

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Көктерек ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 8 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 мамырда № 6307 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Көктерек ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 14 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Көктерек ауылдық округі әкімінің 10.12.2020 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, Уәлиханов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 17-07/73 ұсынысы негізінде, Көктерек ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Көктерек ауылдық округі Мортық ауылында ірі қара малдың бруцеллезі бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Көктерек ауылдық
округінің әкімі*

К. Дюсембаев